

2. **И. Алтынсарин.** 3 томдық шығармалар жинағы. Т.З.[Мәтін] /Алма – Ата:Наука, 1978. – 352б.
3. **Шығыс даналығы:** Азия халықтарының мақалдары мен жаңылтпаштары [Мәтін] / ИД «Кочевники». – Алматы, 2002. – 517б.
4. **Қазақ кеңес энциклопедиясы** / Гл. ред. М.К. Козыбаев. А – А, 1981. – 704б.
5. **«PIRLS құралдары мен бағалау технологиялары».** Жинақ – АО ИАҚ: Астана, 2017 – 92 б.
6. **PIRLS халықаралық зерттеуінің құралдары,** Астана, 2016 ж.

ӨОЖ 37.02

Ы.АЛТЫНСАРИННИҢ ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Бердигалиева А. А. – бастауыш сынып мұғалімі, Батыс Қазақстан облысы Берлі ауданы, Бумакөл мектеп-бөбекжай-балабақша кешені.

Мақалада Ы.Алтынсариннің педагогикалық ой-пікірлеріне теориялық және тәжірибелік талдау жасалынған. Автор Ы.Алтынсарин еңбектеріндегі оқыту мен тәрбие мәселесі бүгінгі заманауи педагогика идеясымен сабақтастықта қарастырған. Сонымен қатар мақала мазмұнында бүгінгі білім саласында болып жатқан реформалық өзгерістер айқындалады.

Кілт сөздер: білім беру үрдісі, педагогикалық сабақтастық, идеялардың жаңашылдығы, қазіргі білім беру парадигмасы, заманауи реформалар, педагогикалық идеялар, педагогикалық процесс, интеграциялық байланыс, білім беруді модернизациялау.

Тәуелсіз Қазақстан қазіргі кезде әлем қауымдастығынан өзінің дамуы мен қалыптасу тенденциясына сәйкес орын алуға ұмтылуда. Осындай күрделі де сындарлы жолда ұлттық мәдениет пен тарих ұстанымдарына, ұлттық құндылықтар мен мәдени мұраларға соқпай өту мүмкін емес. Сондықтан да өткенді зерделеу, ұлы тұлғалардың мұраларын саралау, дүниетанымын зерттеу, көзқарастарына баға беру бүгінгі білім мен ғылым алдындағы жауапты міндеттердің бірі болып табылады. Дала өркениетіне рухани мұра қалдырған қазақ ағартушыларының бірі – Ы.Алтынсарин.

Әр заман, тарихи әр кезең, әлеуметтік құбылыстар өзінің дарынды өкілдерін дүниеге әкеледі. Олар елдің жағдайын көре біліп, халқының болашағы үшін қызмет етеді. Олардың мұралары ғасыр бойы жалғасып, жастарды оқыту мен тәрбиелеуде қолданылып келеді. Бұл дәстүр ұрпақ сабақтастығы мен интеграциялық байланысты айқындайды.

Тарих беттеріне үңілетін болсақ, Ы.Алтынсарин өмір сүрген кезең білім индустриясының жаңа бағытымен сипатталады. Ыбырай Алтынсарин өзінің бар ғұмыры мен күш-қуатын қазақ халқын рухани ағартуға арнады. Әсіресе, жастарға заманауи білім беріп, мәдениет пен өркениет көшіне ілесуге шақырды және сол жолда аянбай жұмыс атқарды. Ыбырайдың жазушылық қызметінің оқу және өнер-білім саласымен тікелей сабақтасуы да осында болса керек. Оның ақындық шабытына дем беріп, жазушылық қиялына қанат бітірген басты нысана – қараңғы қазақ халқының көзін ашу, көңілін ояту, ұлтымызды озық мәдениетті елдердің қатарына қосу болды. Ыбырай Алтынсарин халық ағарту саласында қандай елеулі орын алса, әдебиет пен мәдениетіміздің тарихында да сондай биік дәрежеде тұр.

Ақынды қазақтың жазба әдебиеті мен тілінің негізін қалаушылардың бірі ретінде де танимыз. Ол қазақ әдебиетіне тың серпіліс әкеліп, жаңа жанрлар енгізді. Оның терең ойлы шығармалары, мағыналы да тағылымды өлеңдері, қысқа да нұсқа әсерлі әңгімелері қай дәуірдің жастарына да нәр беріп, сусын болары анық. Мысалы, «Әке мен бала» әңгімесін талдайтын болсақ, әке мен бала арасындағы қарым-қатынасын, ұрпақ сабақтастығы мен дәстүр жалғастығын көреміз. Еңбек тәрбиесі әңгіменің негізгі идеясы болып табылады. Еңбекке үйрету арқылы болашақ ұрпақты гуманизм концепциясы негізінде тәрбиелейді. Бүгінгі педагогикалық идеялармен сабақтастығын байқаймыз.

Оқысаңдар, балалар,
Шамнан шырақ жағылар,
Тілегенің алдыңнан,

Іздемей-ақ, табылар [2] – деген өлең жолдары арқылы ақын, жастарды білім алуға, әлем мәдениетімен танысуға шақырады. Ы.Алтынсарин идеялар білім алу мен тәрбие мазмұнына бағытталған. Қай шығармасын алсақ та, терең ой, мағыналы сөздер жатыр. Жазушының өмірі мен шығармашылығы шексіз, оның тұңғығына жету мүмкін емес. Тұңғығына бойлаған сайын тереңдікті сезінесін. Сондықтан да жазушының әр шығармасы құнды. Ол білім арқылы қараңғылықтан құтылуға болатындығын халқына дәлелдеді. Жарқын болашаққа тек біліммен жетуге болады деп есептеді. Бұл идея бүгінгі заманауи педагогиканың негізгі кредосы болып табылады. Себебі, Қазақстанның өркениетті мемлекеттердің қатарына ену стратегиясын жүзеге асыру үшін отандық білім беру саласын дамыту қажет.

Ы.Алтынсарин көптеген идеяларды өз шығармашылығына қосты. Сонымен қатар ана тіліне ерекше назар аударып, оқытудың әдістемесін жазды. Бұл өркениетті қазақ даласында жаңа бағыт болды.

Араз бол, кедей болсаң, ұрлықпенен,
Кете бар, кессе басың, шыңдықпенен
Қорек тал бейнеттен де, тәңірім жәрдем,
Телмірме бір адамға мұңдықпенен
Әй, жігіттер, үлгі алмаңыз
Азған елдің ішінен [3].

Өлең жолдарынан әділдік, шыншылдық сияқты қасиеттерді көруге болады. Жастарды осындай қасиеттерге тәрбиелеуге шақырады. Бұл бүгінгі тәрбие мүмкіндіктерінің сабақтастығын көрсетеді. Ақын шығармашылығының тағы бір қыры- табиғаттың сұлу көріністерін бейнелеу. Бұндай дәстүр қазақ әдебиетінде кездеспейтін құбылыс. Табиғаттың тылсым күштерін адам образына алмастыру шеберлікті көрсетеді. Кейін бұл дәстүрді Абай лирикасы жалғастырды. Осындай сабақтастық пен үндестік әдебиеттің шынайы бейнесін көрсетеді.

Ы.Алтынсарин әңгімелері мен прозалары жас ұрпақты мейірімділікке, әділдікке, адалдыққа, ізгілікке тәрбиелейді. Тұлғаға әсер ететін факторлардың бірі автордың пайымдауынша, тәрбие. Ол отбасынан бастау алмақ, сондықтан да отбасы тәрбиесі баланың болашақтағы өміріне әсер ететін арнайы әлеуметтік институт. Сонымен қатар, Ы.Алтынсарин әңгімелерінің негізгі арнасы халық тұрмысынан алынған. Тәрбиенің қайнар көзі халықтың тұрмыс-тіршілігінен туындаған мақал-мәтелдері, ертегілері, жұмбақтары, эпостары. Халық шығармашылығын Ы.Алтынсарин өз еңбегінің негізгі өзегіне айналдырды. Ақын шығармаларының тақырыбы – еңбек тәрбиесі. Мысалы, Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш әңгімесін алатын болсақ, құстар мен жәндіктердің тіршіліктерін салыстыру арқылы автор адам өмірінде еңбектің соншалықты маңызы бар екендігін тағы да дәлелдей түседі. Шынымен де, бүгінде қоғамның даму тенденциясына назар аударатын болсақ, еңбек тәрбиесінің өзекті екендігін байқаймыз. Адам өзінің қажеттілігін еңбектену арқылы қамтамасыз етеді. Сондықтан да еңбек адам тіршілігінің маңызды факторы.

Алтынсарин идеяларының қазіргі білім беру жүйесінде сабақтастығына тағы да куә боламыз. Өміршең идеялары педагогикалық процесте өз мәнін жоғалтқан жоқ. «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесінде Асан мен Үсенді салыстыру арқылы көп еңбектенген кедей баласы Үсеннің үлкен парасат иесі, сабырлы, пайымды бейнесін тіршілікке қыры жоқ болып өскен Асан образына қарама-қарсы қояды. Асан мен Үсен қарама-қарсы образдар. Екі тәрбие, екі түрлі көзқарас.

Балаларға арналған шығармаларға қойылар талап жеңіл емес, әрбір баланың жүрегіне мейірімділік, сүйіспеншілік, адалдық, еңбекқорлық сезімдерін қалыптастыра алатын эмоциялық әсер қажет. Онда, ұлттық сипат, колорит, тағылымды тәрбие, танымдық білім т.б. басты назарда болуы шарт. Осы шарттардың бәрі Ы.Алтынсарин шығармаларында сақталған.

Ол қазақ жерінде алғаш рет қазақ мектебін ашып, қазақ оқулығын жазып, ағарту жұмысына белсене араласты. «Алтынсарин прагматизмі, елі үшін батылдық жасағандығынан туған қадамы ХХ ғасырдың басында өмір сүрген Алаш қайраткерлеріне сабақ болып қалды. Ыбырайды өзге тұтастарынан ерекшелендіретін қасиеті – ағартушы-практик болғандығы еді» [4], – деп баға берген болатын алаштанушы Д.Қамзабекұлы.

*Біз надан боп өсірдік
Иектегі сақалды.
Өнер – жігіт көркі деп
Ескермедік мақалды.
Біз болмасақ сіз барсыз,
Үміт еткен достарым,
Сіздерге бердім батамды.*

Бұл өлең жолдарынан ақын шығармасының өзекті тақырыбы білім, ғылым екендігін байқаймыз. Қай уақытта, қай заманда болмасын бұл идея мәнін жойған емес. Ы. Алтынсарин аса күрделі тарихи кезеңде, патша үкіметі Шығыс халықтары арасында қатаң отарлау саясатын жүргізіп жатқан кезеңде өмір сүрді. Қазақ халқының тарихында Ы. Алтынсариннің еңбегі өлшеусіз. Ол қазақтың тұңғыш педагогы, қазақ даласында бірінші рет мектеп ұйымдастырып, қазақ жастарына білімнің есігін ашты.

Елбасымыз «Тарих толқынында» кітабында Ы.Алтынсаринді Қазақстандағы халық ағарту ісінің тұңғыш абызы деп атады. Педагогикалық процесті ұйымдастыру барысында бірқатар іс-шаралар атқарған. Атап айтқанда мектепке оқулық жазу, сыныптарға оқушы жинау, сынып-сабақ жүйесін құру, оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты сыныпқа орналастыру т.б. Қазақ топырағында бірнеше мектептер ашып, білім алуға күш жұмсады.

Ыбырай Алтынсарин – көрнекті ақын, дарынды жазушы. Оның қаламынан бойындағы тамаша талабын танытқандай маңызы зор көркем шығармалар туды. Ол өзінің бар күш-қуатын халықты ағарту, жастарды тәрбиелеу қызметіне жұмсады. Ыбырайдың жазушылық қызметінің түпкі қазығы да

сол оқу-өнер, білім мәселесімен сабақтас. Оның педагогикалық идеяларындағы сабақтастық тереңде жатыр. Ол негізінен оқыту, білім беру және тәрбиемен тығыз байланысты.

Әдебиеттер тізімі

1. **Ұлы педагог Ы.Алтынсарин** – көрнекті ақын, жаңашыл жазушы
<https://articlekz.com/kk/article/>
2. **Ы.Алтынсарин** шығармалар жинағы Т.1 / Алматы: Білім, 2014 ж.
3. **Ы.Алтынсарин** «Қазақ әдебиеті» / Алматы: Ғылым, 1979, 110-129 б.
4. **Д.Қамзабекұлы** «Оқу құралдарын жасаудағы Ыбырай Алтынсариннің дәстүрі» / Алматы: Эверо, 2016.

ӨОЖ 37

АЛТЫНСАРИН ТӨСБЕЛГІСІ – ҮЛКЕН АБЫРОЙ, ЗОР ДӘРЕЖЕ

Жайлаубаева И. Ж. – арнайы пәндер оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, «Шабым» сыйлығының лауреаты, *Ы.Алтынсарин атындағы Рудный әлеуметтік-гуманитарлық колледжі.*

Мақалада даланың дара ұстазы Ы.Алтынсарин төсбелгісі туралы оның шығу тарихы мен берілу тәртіптерін егжей-тегжейлі баяндаған. Сонымен қатар Рудный қаласындағы кәсіптік білімнің қарашаңырағы Ы.Алтынсарин атындағы Рудный әлеуметтік-гуманитарлық колледжінде бар саналы ғұмырын мамандар даярлау ісіне арнаған Алтынсарин төсбелгісіне ие болған ардагер ұстаздарымыз жайында да сөз болады.

Түйінді сөздер: Ы.Алтынсарин, ұстаз, төсбелгі.

Ұстаздықтың қоғам алдында өте жауапты мамандық екені баршаға аян. Ол адамзаттың санасында адамгершіліктің нақты үлгісі ретінде жақсы мінездің жанды өкілі болып қалыптасты. Танымал ресейлік педагог Ш. Амонашвили : «Мемлекеттің болашағын қалыптастырудағы басты рөл ұстаздың еншісінде», деп айтқан болатын. Шындығын да болашағын ертеден болжаған кез-келген мемлекет ең алдымен білім беру ісіндегі басты тұлға мұғалім еңбегіне ерекше құрметпен қарауы тиіс. Себебі, ұлағатты ұстаз еңбегін еш нәрсемен өлшеуге болмайды. Әйтсе де Ұстаз беделін қоғам алдында көтерудің негізгі бір жолы ұстаз еңбегін елеп, шынайы марапатқа ұсынып, абыройын асқақтатып құрмет тұту. Сонда ғана ұстаз ұғымы қай кезде болмасын қадірлі болмақ.

Қоғамда өнер адамдары мен спорт жұлдегерлерін риясыз сыйлап, пір тұтсақ, ұстаздарға деген құрметте солармен деңгейлес болу керек. Себебі кез-келген талант иесі ұстаз алдынан әріп танып, төлім – тәрбие, шексіз білімді бойға сіңіріп , үлкен өмірге бағыт алады.

Соңғы уақытта қоғамда ұстазға деген құрмет айрықша екендігі баршаға аян. Бүгінде қарапайым мұғалім мамандығының құқығын қорғайтын әрі ішкі мүмкіндіктерін өлшеп бағалайтын «Педагог мәртебесі» заңы 2019 жылы 27 желтоқсанда № 293-VI ҚРЗ. қабылданып өз жұмысын бастап кетті. Бұл нормативтік құжат мұғалім мамандығына жауапкершілікті арттырып қана оған қоймай құрметпен қараудың алғышарты болып саналады. Заңның 8 бабында көрсетілгендей педагогтің көтермелену құқығы арнайы шарттармен жүзеге асырылады.

Елбасы Н.Назарбаев жыл сайынғы Жолдауында ұстаз еңбегін ерекше атап, қолдан келген барлық мүмкіндіктерді қарастыруда. Әлемдік деңгейге көтерілуді мақсат тұтқан еліміздің үздіксіз білім беру жүйесінде үнемі шығармашылықпен айналысатын, дарындылықты дәл тауып аша білетін, кәсіби шеберлігі тым жоғары, ақпарат ағымына ілесе алатын, өзіндік ой пікірі бар, жаңашыл жан-жақты ұстаздардың бірегейлерін арнайы мемлекеттік «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» және Алтынсарин төсбелгісі сынды мәртебелі марапаттарға лайық деп санайды. «Педагог мәртебесі» заңында көрсетілгендей : «Педагогтің аса үздік жетістіктері және Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша еңбегі үшін оған "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік наградалар, оның ішінде "Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы" құрметті атағы беріледі.» Міне осындай мемлекеттік марапаттардың арасында өзінше бір төбесі – Алтынсарин төсбелгісі [1].

«Ы. Алтынсарин» төсбелгісі – 2000 жылдың 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің білім беру және ғылым саласындағы белсенді оқытушыларын және педагогика қызметкерлерін ынталандандыру мақсатында және моральдық өсу үшін тағайындалған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің №1159 министрліктің қаулысы бойынша бекітілген марапаты.

Бұл марапаты марапатқа ие болу қарапайым ұстаздың ұлы қызметінде зор дәреже, үлкен